

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ КҮНІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 14 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтай отырысында берген тапсырмасына сәйкес «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы) аясында білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмыстары жалғастырылады.

2025-2026 оқу жылында «Білім күні» білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен, ата-аналар комитетімен және қамқоршылық кеңесімен келісе отырып, оқушылар санына және мекеменің жобалық қуатына қарай ағымдағы жылдың 1 немесе 2 қыркүйегінде **«Мектебім – мейірім мекені!»** тақырыбында салтанатты шара форматында өткізіледі (ұзақтығы – **45 минут**).

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында барлық курстың білім алушылары үшін **«Білім күні. Бейбітшілік күні!»** тақырыбында салтанатты шара өткізу ұсынылады.

Салтанатты жиын ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің келісімімен білім беру ұйымының басшысының бұйрығы негізінде білім беру ұйымының жобалық қуаты мен білім алушылар санын ескере отырып өткізіледі.

Салтанатты шараның мақсаты: жаңа оқу жылының салтанатты ашылуын ұйымдастыру және білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін мерекелік және шабыттандыратын атмосфера құру.

Міндеттері:

- білім алушыларға патриотизм, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру;
- қатысушыларды алдыңғы оқу жылының жетістіктері туралы хабардар ету.

Салтанатты шараға келесідей өкілдердің қатысуы ұсынылады:

- білім беру саласындағы еңбек ардагерлері;
- білім бөлімдерінің/басқармаларының басшылары;
- қамқоршылық кеңес мүшелері;
- білім алушылардың ата-аналары.

Білім беру ұйымдарында білім күніне орай өткізілетін салтанатты шараға, сонымен қатар әр аптаның жұма күні және мерекелік іс-шараларға Қазақстанның мәдени мұрасын дәріптейтін ұлттық нақыштағы (атрибут) мектеп формасын кию ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеру және әнұранды

орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Салтанатты шараны өткізу үшін:

Облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары:

- салтанатты шараның мазмұнды және сапалы өтуін қамтамасыз ету;
- Білім күні қарсаңында аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды мектепке дайындауға бағытталған «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру;
- «Келешек мектептері» ұлттық жобасы шеңберінде салынған және басқа да жаңа мектептерді ашуға облыс, аудан, қала әкімдерінің қатысуын ұйымдастыру.

Жергілікті полиция департаменттерімен бірлесе:

- Білім күніне арналған іс-шаралар өткізілетін орындарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту;
- қалалар мен елді мекендерде жол қауіпсіздігін күшейтуді қамтамасыз ету.

2 қыркүйекте орта білім беру ұйымдарында **«Менің Отаным-Қазақстан»** тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында **«Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!»** тақырыбында бірыңғай кураторлық сағатын өткізу ұсынылады.

Ескерту: Педагог қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге қатысты, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің (ЕК) 79-бабына сәйкес жұмыс беруші жұмыскердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытын есепке алуды жүргізуге міндетті екенін хабарлаймыз.

Демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс үшін жұмыскердің қалауы бойынша оған басқа демалыс күні беріледі немесе жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде төлем жүргізіледі (ЕК 85, 109-баптары).

Подписано

26.08.2025 19:20 Калмаков Ерлан Болатович

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 05-1-05-4/5793-И от 27.08.2025 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ
	ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ»
	ГУ УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ АБАЙ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ»
	КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" Подписано: КАЛМАКОВ ЕРЛАН MII RagYJ...SyGBg6Q== Время подписи: 26.08.2025 19:20
	 Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: МАРДАНОВА ЖАНАР MII RswYJ...A5ROiuY0= Время подписи: 27.08.2025 07:49



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.